



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2006 ЖЫЛҒЫ

5 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ

№ 26 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Халықаралық резервтер, ақша базасы
және Ұлттық қор шоттарындағы ақша
қаражаты туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегендеге) және ақша базасы 2006 жылғы 31 тамызда мыналарды құрады:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл. оның ішінде:	13 538,2	13 329,1
Таза активтер, ЕАВ-мен ²	12 342,8	12 342,8
Алтын	1 195,4	986,3
Ақша базасы, млрд. теңге	1 099,0	1 099,0
Тар ауқымды ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 024,5	1 024,5
ЕДБ-нің ⁴ ҚРҰБ-дагы мерзімді депозиттері, млрд. теңге	74,4	74,4
KZT/USD (кезең аяғында)	125,24	133,98
Алтынның бағасы (USD-дегі 1 троя үнция үшін)	621,75	513,00

1 2005 жылдың аяғындағы теңгениң АҚШ долларына қатысты бағамы және алтынның бағасы көрсетілген.

2 ЕАВ-дегі таза активтер – бұл ЕАВ-дегі жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма

3 Тар ауқымды ақша базасы – бұл ЕДБ-нің ҚРҰБ-дагы мерзімді депозиттерін қоспағандығы ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктар

2006жылғы тамызда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағаларда 2,6 % (немесе 361,9 млн. долл.) азайды. Үкімет шоттарына түскен валюта түсімдеріне қарамастан, Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операциялар жүргізу және ішкі валюта нарығында валюта сату таза валюталық қорлардың (ЕАВ) 332,6 млн. долл. азауына әкелді. Алтындағы активтер әлемдік нарықтарда оның бағасының 2,39 % төмендеуі нәтижесінде 29,3 млн. долл. азайды.

Тұрақты бағаларда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,4 %, ЕАВ-дегі таза активтер 2,6 % азайды, алтындағы активтер өзгерген жоқ

Тұтас алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағаларда) Ұлттық қордың ақшасын (алдын ала деректер бойынша 10 935,3 млн. долл.) қосқанда 24 478,8 млн. долл. құрады. Өсу алдыңғы аймен салыстырғанда 1,5 % құрады

2006 жылғы тамызда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің азауына ақша базасының 5,5 % (немесе 63,9 млрд. теңге) азауы себепші болды. Бұл ретте, тар ауқымды ақша базасының азауы (ЕДБ-нің ҚРҰБ-дағы мерзімді депозиттерін қоспағанда) 3,3% (немесе 35,4 млрд. теңге) азайды

2. Ұлттық қор шоттарындағы ақша қаражаты. 2006 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Қор) ұлттық валютадағы шоттарындағы айырбастауға жататын сома **38 380,7 млн. теңгені** құрады.

Қор активтерін айырбастау және қайта айырбастау ережесіне сәйкес 2006 жылғы қыркүйектің ішінде Ұлттық Банк Қордың ақшасын одан әрі инвестициялау мақсатында Қордың теңге шотында есепте тұрған соманы рұқсат етілген қаржы құралдарына айырбастауды жүзеге асырады. Айырбастау операцияларды жүргізу күні не ішкі валюталық нарықта операцияларды жүргізу сәтінде қалыптасқан бағам бойынша теңгеге шетел валютасын сатып алу күні белгіленген Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінен шетел валютасын немесе шетел валютасындағы қаржы құралдарын сату жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте Қордың шоттарына бір ай ішінде теңгемен түскен түсімдер ағымдағы айдың аяғында немесе келесі айдың басында кепілдік берілген трансферттің бекітілген көлеміне сәйкес жүзеге асырылатын Қордың кепілдік берілген трансфертер түріндегі шығыстары үшін жеткілікті сома жиналғанға дейін айырбасталмауға тиіс.